

**Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің  
16.06.2021 жылғы жалпы отырысының  
стенограммасынан үзінді көшірме  
Отырысты Қазақстан Республикасы Парламенті  
Мәжілісінің Төрағасы Н. НИГМАТУЛИН жүргізді.**

**Выписка из стенограммы пленарного заседания  
Мажилиса Парламента Республики Казахстан  
от 16.06.2021 года  
Вел заседание Председатель  
Мажилиса Парламента Республики Казахстан  
Н. НИГМАТУЛИН.**

ТӨРАҒА. Келесі мәселе – «2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа Қырғыз Республикасының қосылуына байланысты өзгерістер енгізу туралы хаттаманы ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жөнінде. Бұл мәселе бойынша да баяндама жасау үшін сөз Энергетика министрі Нұрлан Асқарұлы Ноғаев мырзаға беріледі.

НОҒАЕВ Н.А. Құрметті Нұрлан Зайроллаұлы! Құрметті депутаттар! Қазақстан Республикасының Энергетика министрлігі Қырғыз Республикасының қосылуына байланысты Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа өзгерістер енгізу туралы хаттаманы ратификациялау туралы Қазақстан Республикасы Заңының жобасын әзірледі.

Еуразиялық экономикалық одақ туралы негізгі шартқа 2014 жылғы 29 мамырда Беларусь, Қазақстан және Ресей арасында қол қойылды.

Қырғызстан 2014 жылғы 23 желтоқсанда қол қойылған Қырғыз Республикасының қосылуы туралы шарт шеңберінде Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа қосылды, оны одаққа мүше барлық мемлекеттер ратификациялады және 2015 жылғы 12 тамызда Қырғызстан одақтың толық құқылы мүшесі болды.

Бұл ретте Қырғызстан одаққа мүше мемлекеттердің аумағы арқылы электр энергиясын мемлекетаралық беруді жүзеге асыруға ниет білдірген жағдайда шартқа №21 қосымшаның баға белгілеу және тарифтік саясат негіздерін қоса алғанда, электр энергетикасы саласындағы табиғи монополиялар субъектілерінің көрсетілетін қызметтеріне қол жеткізуді қамтамасыз ету туралы хаттамаға қосымша болып табылатын мүше мемлекеттер арасында электр энергиясын (қуатын) мемлекетаралық беруді жүзеге асыру әдістемесі бүгінгі күні Қырғыз Республикасына қолданылмайды.

Осы өзара қатынастарды реттеу шеңберінде одаққа мүше мемлекеттер шартқа Қырғыз Республикасының қосылуына байланысты одақ елдері арасында электр энергиясын (қуатын) мемлекетаралық беруді жүзеге асыру әдіснамасын айқындау мақсаты болып табылатын хаттама дайындады.

Хаттама жобасы 2017 жылғы 13 қаңтарда Еуразиялық экономикалық одақ Кеңесінің өкімімен мақұлданды.

Хаттаманы ратификациялау, Қырғыз Республикасының қосылуын ескере отырып, одаққа мүше мемлекеттердің энергия жүйелерінің тиімді жұмыс істеу мүмкіндігін қамтамасыз етеді.

Халықаралық шарттың реттеу нысанасы баға белгілеу мен тарифтік саясат негіздерін қоса алғанда, электр энергетикасы саласындағы табиғи монополиялар субъектілерінің қызметтеріне қол жеткізуді қамтамасыз ету туралы хаттамаға Қырғыз Республикасының қосылуын ескере отырып, Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттер арасында электр энергиясын (қуатын) мемлекетаралық беруді жүзеге асыру болып табылады.

Бүгінгі күні хаттаманы Қазақстаннан басқа барлық мүше мемлекеттер ратификациялады.

Заң жобасын қабылдау теріс әлеуметтік-экономикалық және өзге де салдарға әкеп соқтырмайды, мемлекеттік бюджеттен қосымша шығыстарды талап етпейді.

Қолдауларыңызды сұраймын.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Енді, құрметті әріптестер, сұрақ беру рәсіміне көшеміз. Сөз депутат Ташқараев Ғани Әбдіғаниұлына беріледі.

ТАШҚАРАЕВ Ғ.Ә. Рақмет, құрметті Нұрлан Зайроллаұлы.

Құрметті Нұрлан Асқарұлы! Шартқа Қырғыз Республикасының қосылуына байланысты оған өзгерістер енгізу туралы хаттамада осы хаттама ратификацияланғаннан кейін мүше мемлекеттер арасында электр энергиясын мемлекетаралық беруді жүзеге асыру әдіснамасына өзгерістер енгізу көзделген.

Қазақстан аумағы арқылы электр энергиясын мемлекетаралық беру кезінде тариф қалай қалыптасатынын түсіндіріп беріңізші. Мысалы, Қырғызстан Қазақстан арқылы Ресейге электр энергиясын жеткізуді жүзеге асырады делік. Рақмет.

НОҒАЕВ Н.А. Сұрағыңызға рақмет.

Бұл жерде мәселе Қырғыз Республикасының қандай да бір субъектісі Ресей Федерациясына электр энергиясын тасымалдайтын ниетіне қарай. Бірінші кезекте электр энергиясын өндіретін мекеменің тарифтері және сол мекемеден Қырғызстан-Қазақстан шекарасына дейін тарифтік шығындарды Қырғызстан Республикасының жүйелік операторына төлейді және Қырғызстан-Қазақстан шекарасынан Қазақстан-Ресей шекарасына дейінгі тарифті Қазақстанның жүйелік операторы КЕГОК-тың тарифтерімен төлейді, Қазақстан-Ресей шекарасынан Ресейдегі энергия алатын субъектіге дейін Ресей Федерациясының жүйелік операторының тарифіне сәйкес төлейді. Солай қалыптасады.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Панченко Игорь Ивановичқа беріледі.

ПАНЧЕНКО И.И. Спасибо, уважаемый Нурлан Зайруллаевич.

Уважаемый Нурлан Аскарлович! После ратификации протокола не появятся ли проблемы с пропускной способностью межгосударственных линий электропередач в Казахстане?

К примеру, Кыргызстан будет осуществлять экспорт электроэнергии в Российскую Федерацию в большем объеме и оставшейся пропускной способности будет недостаточно для обеспечения надежности электроснабжения внутри Казахстана.

НОҒАЕВ Н.А. Спасибо за вопрос.

Согласно действующему законодательству в первую очередь обеспечиваются электроэнергией население и предприятия, то есть вся потребность Республики Казахстан, а при наличии излишков объемов электроэнергии ее можно экспортировать. При транспортировке также учитываются возможности транспортировки системного оператора Казахстана. Никакого ущерба для потребителей нашей страны не будет.

ТӨРАҒА. Объемы регулируются, а если они повысят объем экспорта своей электроэнергии (правильно ставит депутат вопрос) в Российскую Федерацию, сама техническая возможность пропускной способности по межгосударственным линиям электропередач позволяет это?

НОҒАЕВ Н.А. Нурлан Зайруллаевич, сегодня передача осуществляется согласно вышесказанному мною, то есть при наличии дополнительных возможностей транспортировки. С 1 января 2025 года планируется ввод общего энергетического рынка. Сегодня эти вопросы рассматриваются в рамках данного положения. Идет подготовка к принятию общих положений, введение в действие которых планируется с 1 января 2025 года.

ТӨРАҒА. Хорошо.

Сөз депутат Бердалин Аманғали Бисенбайұлына беріледі.

БЕРДАЛИН А.Б. Рақмет, құрметті Нұрлан Зайроллаұлы.

Құрметті Нұрлан Асқарұлы! Жыл сайын Қазақстанның оңтүстігіндегі ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілерді суармалы сумен қамтамасыз ету мақсатында Сіздің ведомствоңыз Қырғыз Республикасымен электр энергиясымен тауар алмасуды жүзеге асырады.

Қырғызстанның қосылу туралы хаттаманы ратификациялау бұл процеске әсер ете ме? Әрі биыл суармалы судың орнына электр энергиясын жүргізу көлемі қандай болмақ? Рақмет.

НОҒАЕВ Н.А. Сұрағыңызға рақмет.

Бүгінгі ратификацияланатын құжат тауар айналым процестеріне әсер етпейді, себебі бұл мемлекетаралық және үкіметаралық шарттардың, келісімдердің негізінде жүзеге асып жатқан шаралар. Біз жыл сайын оңтүстік өңірлерді сумен қамтамасыз ету мақсатында Қырғыз Республикасына белгілі бір мөлшерде электр энергиясын беріп, жазғы кезде электр энергиясын және су аламыз. Биыл Токтағұл ГЭС-індегі судың мөлшерін толтыру үшін біз Қырғыз Республикасына наурыз-мамыр айларында 300 миллион киловатт-сағат электр энергиясын жеткіздік. Маусымнан бастап Қырғыз Республикасы Токтағұл ГЭС-інен су жібере бастайды, оның бір бөлігін Қазақстан

Республикасы да алады. Сәйкесінше, су жібере отырып электр энергиясы өндіріледі және көктемде берген 300 миллион киловатт-сағат электр энергиясын біз тамызға дейін аламыз. Ол бойынша екі елдің арасында келісімшарт бар.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сұрақтарымыз аяқталды. Нұрлан Асқарлы, рақмет Сізге. Орныңызға отырыңыз.

Енді, құрметті әріптестер, қосымша баяндама жасау үшін сөз депутат Тұрғанов Дүйсенбай Нұрбайұлына беріледі.

ТҰРҒАНОВ Д.Н. Құрметті Нұрлан Зайроллаұлы! Құрметті әріптестер! 2015 жылдан бастап Қырғыз Республикасы Еуразиялық экономикалық одақтың толыққанды мүшесі бола отырып, Еуразиялық жобаны толық көлемде іске асыруға және одақтың заңнамалық базасын құрайтын барлық шарттарға қосылды.

Заң жобасының мақсаты Қырғыз Республикасының электр энергетикалық жүйесі бойынша мемлекетаралық берудің жылдық болжамды көлемдерін айқындау бөлігінде оның шартқа қосылуына байланысты мүше мемлекеттер арасында электр энергиясын және қуатын мемлекет аралық беруді жүзеге асыру әдіснамасын айқындау болып табылады.

Хаттаманы ратификациялау Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттермен, оның ішінде Қырғыз Республикасымен ұзақ мерзімді перспективада электр энергетикасы саласындағы тиімді ынтымақтастықты қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Қазіргі уақытта Қазақстанның электр энергетикалық жүйесі екіжақты қатынастар шеңберінде Қырғызстанның электр энергетикалық жүйесімен қатарлас жұмыс режимінде өз жұмысын жалғастырып жатқанын атап өткім келеді.

Мәселен, Қазақстан 2020 жылы қараша мен желтоқсан аралығында Қырғыз Республикасына көлемі 52 миллион киловатт-сағаттан астам электр энергиясының экспорттады.

Ортақ электр энергетикалық нарық құру Еуразиялық экономикалық одақ мемлекеттерін дамытудың маңызды және перспективалы бағыты, олардың әлемдік кеңістіктегі әлеуетін күшейту және электр энергетикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету болып табылады.

Заң жобасын қабылдау теріс әлеуметтік-экономикалық және өзге де салдарға әкеп соқпайды, мемлекеттік бюджеттен қосымша шығыстарды талап етпейді.

Мәжілістің барлық комитеттері заң жобасын қолдайтын оң қорытындыларын ұсынды.

Осы заң жобасын мақұлдап, Сенаттың қарауына жіберуді ұсынамын.

Қолдауларыңызды сұраймын. Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет, Дүйсенбай Нұрбайұлы.

Құрметті депутаттар, енді заң жобасын талқылауға көшеміз. Сөз депутат Смағұл Бақытбек Смағұлұлына беріледі.

СМАҒҰЛ Б. Рақмет, құрметті Нұрлан Зайроллаұлы.

Құрметті әріптестер! 2015 жылы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа Қырғыз Республикасының қосылуы туралы шарт күшіне енді. Қырғызстан Армениямен, Беларусьпен, Қазақстанмен және Ресеймен қатар одақтың толық құқылы мүшесіне айналды.

Қырғызстанның одаққа кіруі оған жаңа перспективалар ашты. Тауарлардың, көрсетілетін қызметтердің, капитал мен жұмыс күшінің қозғалысы жолындағы кедергілер азайды, ең алдымен энергетика, көлік және ауыл шаруашылығы салаларында ірі инфрақұрылымдық жобаларды іске асырудың жаңа инвестициялық мүмкіндіктері мен перспективалары ашылды. Сонымен қатар Қырғызстанның қосылуы одақ әлеуетінің дамуына жаңа серпін берді. Интеграциялық бірлестік жаһандық экономикалық сәулеттегі өз позицияларын күшейтті.

Қаралып отырған хаттама Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттермен, оның ішінде Қырғыз Республикасымен ұзақ мерзімді перспективада электр энергетикасы саласындағы тиімді ынтымақтастықты қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Осы айтылғанның негізінде қаралып отырған заң жобасын қолдауды ұсынамын.

Назар қойып тыңдағандарыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет, Бақытбек Смағұлұлы.

Құрметті әріптестер, басқа талқылауға жазылған депутаттар жоқ. Талқылау барысында бір ғана ұсыныс түсті, ол – заң жобасын тұтастай мақұлдау. Басқа ұсыныстарыңыз жоқ болса, онда осы ұсынысты дауысқа қоюға рұқсат етіңіздер. Дауыс беру режимі қосылсын.

Нәтижесін экранға беріңіздер. Шешім қабылданды.

Енді осы мәселе бойынша қаулы қабылдауымыз керек. Қаулының жобасы бойынша дауыс берулеріңізді сұраймын.

Нәтижесін экранға беріңіздер. «Қатысып отырғандар» – 104, «жақтағандар» – 104. Қаулы қабылданды.



*Дүрмө: Құжатталмаған қамтамасыз ету  
Билімінің сектор меңгерушісі  
Май Н. Шағынғалов.*